

## **28237, 52859 және 68303 әскери бөлімдерін Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабына бағындыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 сәуір 1993 ж. N 264

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 28237, 52859 және 68303 әскери бөлімдері Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабына бағындырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы 2 айлық мерзімде аталған бөлімдерді қабылдап алып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырсын және оларды әскери әзірлікте ұсату жөнінде шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір айлық мерзімде аталған әскери бөлімдері ұстауға "Қорғаныс шығындары" бабы бойынша көзделген қаржылар есебінен республикалық бюджеттен бөлінетін қажетті қаражаты анықтайтын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі